

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысты ұйымдасуы туралы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына және білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) білім беру ұйымында педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәселелерін қарайтын алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

1.3. Кеңес өз қызметін заңдылық, әділдік, объективтілік, ашықтық, әдептілік және қоғамдық пікірді ескеру қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

1.4. Кеңеске педагогикалық әдептің сақталуына қатысты мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалар өтініш жасай алады.

2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1. Кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымында педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

2.2. Кеңестің міндеттері:

- педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу;
- педагогтердің кәсіби мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу;
- әдеп бұзушылықтарына ықпал ететін себептерді анықтау және талдау;
- тәртіптік жауапкершілік мәселелерін жан-жақты және объективті қарау.

3. Кеңестің функциялары мен өкілеттіктері

3.1. Кеңес өз құзыреті шегінде:

- педагогтер мен басқа да тұлғаларды тыңдайды;

- қажетті құжаттар мен ақпараттарды сұратады;
- түсініктемелер алуға құқылы;
- педагогикалық әдепті бұзу фактілері бойынша тексеру жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді;
- еңбек тәртібін нығайту және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде ұсынымдар береді;
- педагогті тәртіптік жауапкершілікке тарту немесе тартпау жөнінде білім беру ұйымының басшысына ұсыныс енгізеді;
- тараптарды татуластыру жұмыстарын жүргізеді;
- қажет болған жағдайда құзыретті мемлекеттік органдарға ұсыныстар жолдайды.

4. Кеңестің құрамы

4.1. Кеңес төрағадан, хатшыдан және мүшелерден тұрады.

4.2. Кеңес мүшелерінің саны тақ және кемінде жеті адам болуы тиіс.

4.3. Кеңес құрамына:

- кәсіподақ ұйымдарының немесе қоғамдық ұйымдардың өкілдері;
- кемінде екі педагог;
- құрметті еңбек демалысына шыққан педагогтер енгізіледі.

4.4. Білім беру ұйымының басшысы, әкімшілік және басқару қызметкерлері, қосалқы персонал, ата-аналар және білім алушылар Кеңес мүшесі бола алмайды.

4.5. Кеңес құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.6. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста ашық дауыс беру арқылы сайланады.

5. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5.1. Кеңес жоспарға сәйкес немесе қажет болған жағдайда отырыстар өткізеді.

5.2. Кеңес шешімі қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

5.3. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.4. Кеңес мүшелері дауыс беруден қалыс қала алмайды.

5.5. Әрбір отырыс хаттамамен рәсімделіп, оған төраға мен хатшы қол қояды.

6. Мүдделер қақтығысының алдын алу

6.1. Егер Кеңес мүшесі қаралатын педагогпен туыстық немесе қызметтік тәуелділікте болса, ол мәселені қарауға және дауыс беруге қатыспайды.

6.2. Мұндай жағдайда Кеңес мүшесі бұл туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

7. Педагогтің құқықтары

Педагог:

- қаралатын мәселе туралы алдын ала жазбаша ақпарат алуға;
- іс материалдарымен танысуға;
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін өзі немесе өкілі арқылы қорғауға;
- Кеңестің шешімін жазбаша түрде алуға;
- қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасауға құқылы.

8. Тәртіптік істі қарау тәртібі

8.1. Педагогке қатысты тәртіптік іс келесі жағдайларда тоқтатыла тұрады:

- уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде;
- еңбек демалысында болғанда;
- іссапарда жүргенде;
- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде;
- біліктілікті арттыру немесе тағылымдамадан өту кезеңінде.

8.2. Кеңес хатшысы педагогке отырыстың өтетін күні, уақыты және орны туралы кемінде үш жұмыс күні бұрын хабарлайды.

8.3. Тиісті түрде хабарланған педагог дәлелді себепсіз келмеген жағдайда мәселе оның қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

9. Кеңесте қаралатын мәселелер

Кеңес:

- нақты әрекеттің немесе әрекетсіздіктің болғанын;
- оның тәртіптік теріс қылық болып табылатынын;
- педагогикалық әдептің бұзылғанын;
- педагогтің кінәсінің бар-жоғын анықтайды.

Қарау нәтижесінде Кеңес:

- тәртіптік жаза қолдануды;
- тәртіптік жаза қолданбауды;
- тәртіптік істі тоқтатуды ұсына алады.

10. Кеңес ұсынымдарының орындалуы

10.1. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

10.2. Білім беру ұйымының басшысы еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес түпкілікті шешім қабылдайды.

10.3. Педагогке қатысты қабылданған шешімдер мен талқылау материалдары оның жазбаша келісімімен ғана жария етіледі.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Ереже білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

11.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда осы Ережеге тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

11.3. Осы Ереженің орындалуын бақылау білім беру ұйымының басшысына жүктеледі.